**Қамқоршылық кеңестің отырысының**
**№ 4 Хаттамасы**
**«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК**

«28» 08 2026 жыл

**Қатысқаны: 8** адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов
Кеңес хатшысы – С.А. Жиенбаева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. –КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
3. Усенова Ж - 1 курс білім алушысының ата-анасы
4. Кариева Ж.О. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
5. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
6. Тулегенова С.Т - Арқалық қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ Жастармен жұмыс маманы
7. Соколова Т.Ж. –ЖШС«Олви» директоры

**Қатыспағаны: 3 адам**

1. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
2. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
3. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Колледж кадрлық әлеуетін нығайту, өндірістен педагогтарды тарту және әлеуметтік серіктестікті кеңейту бойынша ұсыныстар енгізу
   Баяндамашы: әдіскер, Кеңес мүшелері.
2. 2026–2027 оқу жылының басталуына арналған «Білім күні» салтанатты іс-шарасын ұйымдастыруға қолдау көрсету және қатысу
   Баяндамашы: директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Кеңес мүшелері.
3. Дуальды оқытуды дамыту, үшжақты келісімшарттарға қолдау көрсету және өндірістік оқытуды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу
   Баяндамашы: директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, Кеңес мүшелері.
4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мамандарды даярлау жоспарының орындалуын қамтамасыз ету, кәсіпорындардың сұранысын зерттеу және әлеуметтік әріптестерді тарту
   Баяндамашы: директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, Кеңес мүшелері.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1-мәселе бойынша әдіскер колледждің кадрлық әлеуетін нығайту, өндірістік тәжірибесі бар мамандарды педагогикалық қызметке тарту және кәсіпорындармен өзара іс-қимылды кеңейту жөніндегі ұсыныстарды таныстырды. Кеңес мүшелері жұмыс берушілермен байланыс орнату және тәжірибелік сабақтарға өндіріс мамандарын қатыстыру мүмкіндігін талқылады.

2-мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жаңа оқу жылының басталуына арналған «Білім күні» салтанатты іс-шарасын ұйымдастыру мәселесін баяндады. Кеңес мүшелерінің іс-шараға қатысуы және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуі ұсынылды.

3-мәселе бойынша директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары дуальды оқыту аясындағы кәсіпорындармен ынтымақтастық, үшжақты келісімшарттар жасау және өндірістік оқытудың практикалық мазмұнын жетілдіру мәселелерін ортаға салды.

4-мәселе бойынша директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша даярлау жоспарын орындау үшін кәсіпорындардың кадрға сұранысын ескеру және әлеуметтік әріптестерді тарту қажеттігін атап өтті. Кеңес мүшелері жұмыс берушілерден сұраныс туралы ақпарат жинауға жәрдемдесу жөнінде пікір білдірді.

**ШЕШІМІ:**

1. Кадрлық әлеуетті нығайту жөніндегі ұсыныстар назарға алынсын. Әдіскер мен Кеңес мүшелері өндіріс мамандарын тарту және әлеуметтік серіктестер шеңберін кеңейту мүмкіндіктерін пысықтасын.
2. «Білім күні» салтанатты іс-шарасын ұйымдастыруға қолдау көрсетілсін; Кеңес мүшелеріне іс-шараға қатысу ұсынылсын.
3. Дуальды оқытуды дамыту, үшжақты келісімшарттар жасасу және өндірістік оқытуды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар пысықталсын.
4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мамандар даярлау жоспарының орындалуына жәрдемдесу үшін кәсіпорындардың сұранысы зерделеніп, әлеуметтік әріптестермен байланыс кеңейтілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.К. Муканов

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы С.А. Жиенбаева